

"Маңғыстаумұнай" акционерлік қоғамының "Қаламқас" мұнай-газ өндіретін басқармасын жекешелендіру тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 11 маусым N 728. Күші жойылды - ҚРУ-нің 1996.06.28. N 830 қаулысымен.

Кен орындарын тұрақты жұмысын және оны перспективалық әзірлеуді қамтамасыз ету, сондай-ақ айналадағы табиғи ортаны қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақстан Республикасының мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі белгіленген заң тәртібімен "Маңғыстаумұнай" акционерлік қоғамының "Қаламқас" мұнай-газ өндіретін басқармасының (МГӨБ) мүлкін Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне берсін.

2. Қазақстан Республикасының жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті қолданылып жүрген заңдарға сәйкес, Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық мүдделерін ескере отырып, МГӨБ мүліктік кешенін жабдық тендерде сатуды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Премьер-Министрдің орынбасары Г.Г.Штойкке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі